



АСТАНА

АҚШШАМЫ

Жан еді өмір сүрген өлеңменен

Ақын Дәуітәлі Стамбеков қазақ поэзиясының ірі өкілі еді. Маңдайына 52-ақ жыл ғұмыр жазылған ақынның дүниеден өткеніне де бір мүшел толып қалыпты. Жаңа ХХІ ғасырды өзі көре алмаса да, Дәуітәлінің жырлары осы ғасырға емін-еркін кірді. Және қазақ барда, өлеңсүйер қауым барда оның туындылары өлмек емес.

Өзімізге ақынды көру бақыты бұйырмаса да, Құдайға шүкір, оны көргендер арамызда баршылық. Соның бірі Дәукеңнің замандасы, дарынды ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Абзал Бөкен ағамыз. Ширек ғасыр Алматы шаһарында тұрып, Дәуітәлімен аға-інідей араласқан Абзекең былтыр Қарағанды қаласына қоныс аударды. Таяуда Абзал ағаның үйіне бардық. Ондағы ойымыз: ақынға бір жағынан сәлем беру болса, екінші жағынан Дәуітәлі ақын туралы әңгімелесу.

– Дәуітәліні бала кезімізден, бала кез болғанда өлеңді жаңа бастаған кезден бастап біліп жүрдік, – деп бастады аға әңгімесін.

– Аудандық газетке өлеңдері жақсы шығып тұрды. Сол кезде одан бірер жас кіші Серік Ақсұңқарұлы, мен өзім, Бағдат Омашев деген жігіт бәріміз Дәуітәлі секілді жазсақ, Дәуітәлі сияқты ақындық жолға түссек деп еліктеп бір-бірімізге, бір-бірімізбен жарысып өлең жаздық. Одан кейінгі жақын таныстығымыз – Дәукең Алматыға кетіп, сол жақта қызмет жасап, жазда елге келіп жүрген кезінде жалғасты. Сол сапарында маған соқпай кетпейтін. Ол кезде әке-шешесінің үйі Балқаш қаласының іргесіндегі Дересін деген жерде болды. Мен Балқаштың жанындағы Приозерный аудандық газетінде қызмет істеймін. Сонда жолшыбай маған да соғып кететін. Содан таныс болып, жақсы болып кеттік. Аудандық газетте оншақты жыл істеген мені 1985 жылы Алматыға «Жалын» баспасына жұмысқа шақырды. Ол уақытта Дәуітәлінің Алматының байырғы тұрғыны болып алған кезі. Аптасына болмаса да, екі аптада бір рет әрқайсымыздың үйімізде болып, әңгімелесіп, өлеңдерімізді оқып, жақын араласып жүрдік. Дәукең қайтыс болғанға дейін арамыздағы осы байланыс үзілген жоқ.

– Ақын 50 жылдық мерейтойын елге келіп өткізгендігін естігенбіз. Сонда сіз де қасында болып па едіңіз?

– Иә. 50 жылдығын өткізген кезде Алматыдан мені қасына ертті. «Басқа ешкімді әуре қылмай-ақ қояйын. Дабыралатып, керемет қып өткізетіндей тойға құмар да емеспін. Бірақ, ел, ауыл шақырып жатқаннан кейін барайын деп отырмын», – деп мені қасына ертіп алды. Содан Ақтоғайға келіп, Мәдениет сарайында халықпен кездестік. Ақын Қоңырат ауылында дүниеге келген ғой. Содан әрі қарай ағайын-туысы аяқ-қолын жерге тигізбей, Дәуітәліні құрметтеп, мерейтойын жақсылап дүркіретіп өткізді.

Мен одан екі жас кішімін ғой. Содан ол айтты: «Құдай қаласа сен де ертең 50 жасқа келесің. Құдай бұйыртса сонда мен де қасыңда жүремін», – деп. Бірақ, елден келгеннен кейін сырқаттанып, ауырып қалды ғой. Өзі бала кезінен қант диабеті еді. Арнаулы дәрісі бар-ды. Тұрақты түрде соны қабылдап жүретін. Сол бүйрекке әсер етіп, 1999 жылы дүниеден озды. Тағдырдың жазуы, Алла тағаланың бұйыртқан ғұмыры сол болды...

Бірақ артында қалған мұрасы мол. 10-15 шақты өлең кітабын жазды, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты атанды. Соның бәрі артында қалған ағайын-жұрт пен жолдастарының, оқырмандарының көңіліне медеу. Ұрпақтары өсіп-өніп, Фарида жеңгеміз шаңыраққа ие болып отыр. Араласып, хабарласып тұрамыз. Ең соңғы «Жұмағым мен тамұғым» кітабының қолжазбасын Дәукең екеуіміз баспаға тапсырғанымыз есімде. Қатты ауырып жүрген кезі болатын. Төсек тартып жатса да, басын көтеріп отырып қолжазбаны өзі дайындады. Мен де барып тұрдым. Содан баспаға апарып тапсырдық. Ол кітаптың шығуында жазушы Роза Мұқанованың үлкен еңбегі бар. Содан «Сөздік – Словарь» баспасынан шығарды. Бірақ Дәукең оны көре алмады. Ғұмырының бір азғантай бөлігі жетпей қалды. Кітап әдемі, көлемді болып, ішіндегі өлеңдері де мағыналы, мәнді болып шықты.

– Сол кітабы шыққанына да біраз уақыт болып қалды. Тағы жинағын шығару керек сияқты ақынның.

– Дәукеңнің бір жинағы шықты. Көрген жоқсың ба? Мен көрсетейін (Осы сөзді айтқан Абзал ағамыз 2010 жылы шыққан қарапайым «Өлеңдер» деген атауы бар кітапты көрсетті. Дәуітәлі ақынның жары Фарида Закарина құрастырған бұл кітапты көріп қуандық – автор).

Өзі аса көп топырлатып, қайсыбір ақындар сияқты төпей бермей, баппенен, ойланып, асықпай жазатын. Ал егер көпірте берсе, жаза беруге қабілеті былай да жетіп тұр ғой. Бірақ соған талғаммен қарап, ойы әбден піскен кезде ғана қолына қалам алатын. Поэзия, проза болсын, мейлі кім қандай жанрда жазса да, соның көлемінен гөрі мазмұны мықты болсын деп өзіне сондай талап қойып, өзгелерден де соны күтетін. Соныменен артында қалған мұрасы мәнді, мағыналы болып шықты.

– Өзіңіз де мықты ақынсыз, поэзия парқын жақсы білесіз. Дәуітәлі поэзиясының қандай ерекшелігін айта аласыз?

– Дәукеңнің ең алғашқы жазған өлеңдерінің үні, сарынынан кейінгі ақын Дәуітәлінің қалыптасуы екі түрлі болып кетті деп ойлаймын қазір. Алғашқы шыққан өлеңдері ешкімде жоқ, өзінше бір мөлдір. Ол Қадыр Мырзалиев секілді тым бірегей терең ойға да кіріп кетпеген, Тұманбай Молдағалиев сияқты бірегей сезімнің лирикасына да түсіп кетпеген. Осы ой мен сезімнің екі жағынан да бөліп алған қорытпа синтездей өзіндік бір ғажап дүниелерді тудырды. 60-70-ші жылдардағы Дәуітәліні ойлы ақынға да, таза лириканың ақынына да жатқызуға болушы еді. Кейін жаза-жаза келе, өлеңдерінің бірі – ойдың, бірі – сезімнің қоржыны деп атасақ, осы ойлылық

қоржын басын ауырлата бастады. Содан ол негізінен философиялық ойға қарай ойысты. Мұнысы жаман болған жоқ. Дәукеңнің бір ерекшелігі – осы ойшылдыққа берілетін өлеңдерді жазғандығы. Ақынның кейбір өлеңдерінің философиялық түйіні салмағы жағынан қорғасындай ауыр болып келеді, бірденқозғап көтеріп кете алмайсың. Ондай өлеңдерді оқырманның өзі сіңіріп оқыса, соның мән-мағынасына жеткен сайын Дәукеңнің де қасиетіне жеткендей болады.

Кезінде, яғни 60-70-ші жылдары «Жалын» баспасының жабық конкурсы болған. Сол бәйге талай талантты ақын-жазушылардың тұсауын кескен. Мысалы, Оралхан Бөкеев, Ақселеу Сейдімбеков, Дулат Исабеков, Жарасқан Әбдірашев, тағы сондай ағаларымыздың көпшілігі сол конкурста топ жарып, кейіннен талантты ақын-жазушылар болып шықты. Дәуітәлі екеуміз де сол конкурсқа поэмамен түстік. Ол «Революцияға рахмет» деген туындысымен екінші орынды алды. Мен шопан әйелдің тағдырынан жазған поэмамен үшінші орынды иелендім. Айтайын деп отырғаным: Дәукең керемет бір, өзіндік ерекшелігі бар ақын екендігін осы «Революцияға рахмет» поэмасында жақсы көрсетті. Ол кезде Кеңес өкіметінің дәуірлеп тұрған кезі, сол кездің үнімен жазылған поэма ғой. Бірақ, оның бір ғажап жері – Кеңес Одағының ұранымен жазылды деп ол туындыны кемітуге болмайтыны қазірдің өзінде көрініп тұр. Мәселе оның қай тақырыпты қозғауында емес, ақынның қабілетін көрсете білуінде болып тұр ғой. Сонда Дәукең осы поэмасында қандай қуатты ақын екендігін анық көрсетті. Ғажап бір теңеулерді, параллельдерді қатар қолданып, оқыған кезінде адамды жетелеп, сүйсіндіріп: «Апырай! Осыны ойлап, мен де айта алатын едім-ау. Неге менің аузыма осы сөз түспеген? Неге мен осындай шумақтарды жаза алмадым?», – деп бәсекелес әріптестерін ойлантатындай етіп жазған.

Сосын кейінгі шыққан кітабында ақынның өлеңмен жазған драмасы да бар. Сонда осындай жанрға бет бұрғаны байқалады. Татар дәмі таусылмай жүре тұрғанда, ғұмыры ұзағырақ болғанда мүмкін ақ өлеңмен жазылған, кәдімгі қара өлеңмен жазылған бірталай драмаларды да туындатып тастаған болар ма еді деп ойлаймын кейде...

Ол кісі әдебиет туралы өзінің сын пікірлерін, көзқарасын білдіру жағынан да көп жазбады, бірақ жазса тура тотияындай ойып түсетіндей етіп, нақтылап қашап жазар еді. Өзінің өмірінің соңғы сәттерінде қиналып, екі иінінен демалып отырып, қанша сырқат жанына батып отырса да Пушкин жөнінде керемет бір эссе жазып, «Қазақ әдебиетіне» жариялады. Пушкин туралы жазған бұл эссесі анау-мынау адамның қолынан келе беретін дүние емес.

– Дәуітәлі ақынның кітабын оқып отырып, дарын иесінің Пушкин, Лермонтов секілді орыс ақындарын көп оқығандығын байқадық. Ал қазақ поэзия өкілдері ішінде сүйікті ақындары болды ма?

– Қазақ ақындарының ішінде ерекше біреуін бөле-жарып айтқан емес. Ондай сөзін естімедім. Бірақ ол кісі өзіміздің алдымызда өткен, қазақ поэзиясын жасаған, сонау Асан Қайғыдан бастап Абайға дейінгі бабаларымыздың, Абайдан бергі таланттардың бәрін оқығандығына менің көзім толық жеткен. Абайды оқыды, Мағжан Жұмабаев жөнінде хабары болды, Илияс, Сәкен, Бейімбеттерді болса болмаса білді. Бәрін сіңірді, содан кейін поэзиядағы өзіндік келбетін жасады.

– Дәуітәлі ақынның ән мәтіндері де бар. Мәселен, композитор Темірәлі Бақтыгереев екеуі «Таңғы тілек» деген, қазіргі тілмен айтқанда хит әнді жазды. Оны Нұрлан Өнербаев орындады. Қазір «Өмір бойы қол ұстасып өтерміз, Армандар мен мұраттарға жетерміз...» деп басталатын ол өлең интернеттегі актердің оқуында да жүр. Үйлену тойларын бейнекамераға түсіретіндер де осы өлеңді жиі қолданып жүр. Олар таспаны монтаждағанда осы әнді арасына кірістіріп жібереді. Өкінішке қарай, әннің авторлары кім? Бұл жөнінде бір ауыз сөз айтылмайды... Сұрағымыз келгені, Дәуітәлінің ән мәтіндері жөнінде не білесіз?

– Иә: «Жаныма жақын көретін бір композиторым бар», – деп айтып жүретін. Дәукең шығармашылық байланыста болған ол композитормен мен кездесе алмадым. Сол өнер иесі Темірәлі Бақтыгереев болуы мүмкін. Дәуітәлінің өзі ақындығымен қоса, домбырашы, көркем дауысы бар әнші болды ғой. Көңілі түсіп жақсы, көтеріңкі отырған кезінде домбыра шертіп, қазақтың халық әндерін әдемі қоңыр дауысымен тамаша орындап шығатын. Әнге, музыкаға бізден гөрі бір табан жақын тұратын. Осының өзі оның поэзиясының осындай бір саздылығына, дыбыс үйлесімдігінің жарасымды болып тұруына әсер еткен сияқты. Өлеңдері де сондай, көпшілігі әнге сұранып тұрады. Қалай болғанда да Дәуітәлінің өлеңдері келешекте сазгерлердің көзіне түседі деп ойлаймын. Ол үшін артында қалған біздер бұған дәнекер болуымыз керек. Жазуымыз қажет газеттерге. Немесе өзіміз Дәуітәлінің кітаптарын: «Осы бір жақсы ақын, өлеңдерін уақытыңыз болғанда шолып қарап көріңізші», – деп композиторларға ұсынуымыз керек. Ол енді біздің парызымыз...

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Абзал ағамен әңгімемізде Дәуітәлі ақын туралы осындай мәліметтерге қанықтық. Сондай-ақ, Дәуітәлі Стамбеков қаншама жыл қалада тұрса да ақкөңіл, нағыз қазақы болмысынан айырылмағандығын білдік. Содан қазір көпшілігіміз осындай қалпымыздан айырылып бара жатырмыз-ау деген ой келді. Өкінішті, әрине. Бірақ Дәуітәлі сияқты асылдарымызды ешқашан ұмытпайықшы, ағайын. Қазақ болып қалуымыздың олардың мұраларын қаншалықты білгенімізге, қаншалықты сол мұралардан ғибрат алуымызға байланысты емес пе?